

Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар



Жоспар:

1. Кіріспе
2. Өндірістік факторлар түрлері
3. Қорытынды

Кіріспе

Еңбек процессіндегі адамның іс-әрекетінде өндірістік факторлар ол адамның денсаулық жағдайы мен жұмыс істеу қабілетін анықтайды және сипаттайды, қолайсыз жағдайда еңбек өнімділігінің төмендеуіне, травма мен кәсіптік аурулардың пайда болуына әсер етеді. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлары бар. Өндірістік фактор **қауіпті** деп аталады, егер жұмысшыға нақты жағдайларда жарақатқа немесе денсаулығының күрт нашарлауына әсер ететін болса. Өндірістік фактор **зиянды** деп аталады, егер ауруға немесе жұмыс қабілетінің төмендеуіне әкелетін болса. Зиянды фактор іс-әрекеттің ұзақтығы мен едәуір деңгейде болса, қауіптіге айналады.


Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар төрт топқа бөлінеді: биологиялық , психофизиологиялық, физикалық, химиялық.

1. Физикалық факторлар – жылжымалы машиналар мен механизмдер, электр тоғы, үлкен мөлшерлі шуыл мен вибрациялар т.б
2. Химиялық факторлар – улағыш және зиянды заттар, газдар, булар, шаңдар.
3. Биологиялық факторлар – ауру туғызатын микробтар, вирустар, бактериялар, өсімдіктер, жәндіктер т.б.
4. Психофизиологиялық факторлар – физикалық, нерв-психиялық және эмоциялық қажу т.б.



Психофизиологиялық факторлар

1.	Физиологиялық жеткіліксіз қозғалыс белсендігі (гиподинамия).	Ой еңбегінің көптеген түрлері: ғалымдардың, педагогтардың, бухгалтердің т.б. еңбегі
2.	Қан айналым, тыныс алу, дауыс байламына физиологиялық жүктеменің түсуі.	Өнеркәсіптің әр салаларындағы ауыр жұмыстар; үрлеу аспаптарында ойнаушы музыканттардың, әншілердің еңбегі, шыны үрлеушілердің еңбегі.
3.	Нервтік-психикалық жүктеменің түсуі: ой еңбегімен эмоциональдық жүктеменің түсуі, анализаторларға жүктеменің түсуі, еңбек процесінің біркелкілігі.	Операторлардың, диспетчерлердің, жүргізушілердің, хирургтардың еңбегі, конвейердегі жұмыстар



Физикалық факторлар

1.	Жұмыс аймағындағы ауаның төмен және жоғары температурасы, ылғалдылығы және қозғалысы.	Металлургия, машина жасау зауыттары, бояу цехтары, ашық ауадағы құрылыс жұмыстары.
2.	Инфрақызыл сәулелерінің жоғары деңгейі.	Металлургия зауыттары, шыны өндірісі т.б.
3.	Иондаушы сәулелердің жоғары деңгейі.	Атом электростанциялары, гамма және рентгенодефектоскопия.
4.	Электромагниттік сәулелердің, электрлік және магниттік өрістердің кернеулігінің жоғары деңгейі.	Генераторларды, радиолокацияны жасау және қолдану өндірістері.
5.	Статикалық электрдің жоғары деңгейі.	Жасанды теріні, маталарды жасау өнеркәсіптері т.б.
6.	Жұмыс аймағындағы ауаның жоғары шаңдануы (токсинді емес фиброгенді шаңдар).	Кеніштер, шахталар, машина жасау зауыттары т.б.



Химиялық факторлар

Жалпы токсиндік, тітіркендіруші, сенсбилизациялаушы, канцерогендік, мутагендік әсер беруші, репродуктивтік функцияға әсерін тигізуші газдар, булар, сұйықтар, аэрозольдер.

Химиялық зауыттары, машина жасау зауыттарының балқытушы, гальваникалық, малярлық цехтары; ауыл шаруашылығында улы химикаттарды қолданылады.



BITCH !

Биологиялық факторлары

1.	Микро және макроорганизмдер-инфекциялық, инвазиялық, саңырауқұлақ ауруларының көздері.	Сырқат жануарларға күтім жасау, терілерді өңдеу.
2.	Витаминдер, гормондар, антибиотиктер, белок тектес заттар.	Фармацевтік зауыттары, ет комбинаттары, жасанды мал азықтарын және құнды азықтарды жасау өндірістері.



Өндірістік мертігу қауіпі

Жылжымалы машиналар мен механизмдердің, стационарлық өндірістік жабдықтардың жылжымалы элементтерінің, жабдықтардың, материалдардың тағы басқа беттердің жоғары немесе төмен температураларының, қышқылдар мен сілтілер ерітінділерінің, электр тізбегінде кернеудің қауіпті деңгейінің адамның денесі арқылы өту т.б. қауіптердің болуы

Машина жасау, химия зауыттары, ағаш өңдеу т.б. жұмыстары.



Қорытынды

Өндірістік ортаның зиянды және қауіпті факторлары белгілі бір жағдайларда адамның денсаулығында қандай бір ауытқуларды тудыруы, ал кейде өндірістік қамтамасыз етілген және кәсіптік ауруларды тудыруы мүмкін.

Жұмысты дұрыс ұйымдастыру, ресурстармен толық қамтамасыз ету, қауіпсіздік ережелерін сақтау өндіріс факторларының қауібін азайтады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !

